

**“Ақтөбе қаласының білім бөлімі” мемлекеттік
мекемесі №20 “Дидар” балабақшасы мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорынын өзін-өзі
бағалау өткізу нәтижелерінің
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

2024-2025 оқу жылы

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер

білім беру ұйымының толық атауы (заңды тұлғаны тіркеу немесе қайта тіркеу туралы анықтамаға/куәлікке сәйкес білім беру ұйымының атауын көрсету). «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№20 «Дидар» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайын және нақты орналасқан мекенжайын көрсету). Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, 8 мөлтек ауданы, Аг.Жұбановтар көшесі, 279

заңды тұлғаның байланыс деректері (білім беру ұйымының телефонын, электрондық поштасын, ресми интернет-ресурсын көрсету). Телефон: 8(7132) 55-41-71, 52, 23, 94
эл.почта: 20-didar@aktgooro.kz, ресми интернет-ресурс:
<https://www.instagram.com/p/DK9IsGuITp3/?igsh=MTV1eXkyN3lhcGl3aA==>

заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т. А. Ә, лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың күні мен нөмірі көрсетілсін).

Туребаева Динара Талгатовна № 227 бұйрық 31.08.2022 ж

құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (тіркеу нөмірін, БСН, анықтама берілген күнді/заңды тұлғаны тіркеу/қайта тіркеу туралы куәлік, Жарғының деректерін көрсету, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің және Жарғының көшірмесі қоса беріледі).

БСН: 990340002080, заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу 2022 жыл 21 қыркүйек, Жарғы Ақтөбе облысы әкімдігінің 09 шілдедегі 2021 жылғы № к-90 қаулысымен бекітілген.

рұқсат беру құжаттары (бұйрықтың нөмірі мен күнін, білім беру қызметінің лицензияның берілген күнін және нөмірін, оның ішінде оған қосымшаны және (немесе)

мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарлама нысаны беруге туралы талонды көрсету, лицензияның және лицензияға қосымшаның көшірмелері қоса беріледі).

16.08.2004 жылы АА сериялық № 0009463 лицензия берілген. 28.06.2006 жылы № 38972243 берілген статистикалық карточкасы бар. 2023-2024 оқу жылында балабақша аттестациядан өтті. Балабақша жұмысы қанағаттанарлық деп табылды.

2. Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын өлшемшарттар

- 1) оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған іс-әрекеттің МЖМБС талаптарына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, Әділетте № 29031 нөмірімен тіркелген) және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы, Әділетте № 8275 нөмірімен тіркелген) сәйкестігі туралы мәліметтер:

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің №20 «Дидар» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны 2024-2025 оқу жылына арналып жасалынған оқу жұмыс жоспарларымен жұмыстанды. Оқу жұмыс жоспары №20 «Дидар» балабақшасы меңгерушісінің қолымен бекітілген, беттері қапталып, нөмерленген, мөр басылған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және «Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің 2022 жылғы 9-қыркүйектегі №394 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары бұйрығының 1,2 қосымшасына сәйкес келеді.

Сонымен бірге, 2024-2025 оқу жылында қазақ мектепалды тобында «Мен әлемді танымын», орыс мектепалды тобында «Всезнайка», қазақ ересек тобында «Өнер сырлары», орыс ересек тобында «Творческая мастерская», қазақ ортаңғы топтар «Табиғатты тани біл», орыс ортаңғы топтарында «Занимательная сенсорика» қазақ мектепалды және ересек топтарында «Сиқырлы асықтар» атты вариативтік бағдарламалар қолданылды. Бағдарламалар «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бұйрығымен бекітілген. 2024-2025 оқу жылдарының ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін барысында, кестенің балалардың жас ерекшелігі мен үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкес жүргізілді.

- 2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы, Әділетте № 14235 нөмірімен тіркелген) және білім беру бағдарламаларымен (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) білім беру қызметін жүзеге асыру.

Құжаттардың келесі талаптарға сәйкестігі талданады:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МТО УОБ) сәйкес мектепке дейінгі білім беру ұйымының білім беру қызметін жүзеге асыру бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС-ның 1-қосымшасы 4-тармағының 1) және 4) тармақшаларына, 13, 15, 17-тармақтарына, оның ішінде:

тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін іске асыру - 2024-2025 оқу жылдарына арналған перспективті жұмыс жоспарлары осы жылдарға арналған үлгілік оқу жоспары бойынша, балаларды оқыту тілі мен жас ерекшеліктеріне сәйкестендіріліп, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына, мақсат міндеттеріне сәйкестендіріліп жасалынды, оқу жылы басында бекітілді.

ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны; 2024-2025 оқу жылына арналған циклограммаларды талап етілген оқу жылы бойынша барлық топтарда жұмыстанды. Жас ерекшеліктеріне қарай бөлінген топтардың циклограммасында ұсынылған ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті кестесіне сай бағдарлама бойынша берілетін білім және біліктілік дағдыларын меңгерту мақсатында, мақсат міндеттерге сай тақырыптар алынды. Мысалы: 2024-2025 оқу жылы, «Достық» мектепалды тобы, «Болашақ» ересек тобы, желтоқсан айының апталық циклограммасында «Мен елімнің париотымын» атты апталық тақырып беріліп, «Қыста қалған құстарға қамқорлық жасау» акциясы ұйымдастырылып, апта бойы жоспарланған ҰІӘ тақырыптары «Қыс гажайыбы, «Егемендік елдігімінің белгісі», атты тақырыптардағы өлең, ойын-жаттығулар, оларды ұйымдастыру барысында ұлттық құндылықты дәріптейтін ұлттық ойындар, саусақ жаттығулары, тақпақшалар, жаңылтпаштар алынып, түрлендірілді.

білім беру іс-әрекетін тиімді интеграциялау; мектепке дейінгі білім беру ұйымының білім беру қызметін жүзеге асыру бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС-ның маңызды бөлімі – ол, ойын арқылы, іс әрекеттерді түрлендіру арқылы білім және біліктілік дағдыларын бойларына сіңіру болып табылады. Сонымен қатар, «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсат-міндеттерін орындау мақсатында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкестендіре отырып жұмыстар жүргізілуі тиіс. 2024-2025 оқу жылында Барлық топтар «Тілім менің тірегім» тақырыбында мәнерлеп оқу байқауы жүргізілген. «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Кітаппен жарқын әлемге» тақырыбында акция ұйымдастырылған. Мысалы. «Күншуақ» мектепалды тобының желтоқсан айының 8-12 аралығындағы аптасы циклограммасында «Зерек бала, ақылды ана» тақырыбы бойынша зияткерлік ойын жоспарланып, осылайша білім беру іс-әрекетін интеграциялау үрдісі іске асырылды.

сабақтастық принциптерін, тәрбие мен оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз ету; Балалардың күні бойғы іс-әрекеттері мен оқыту тәрбиелеу жұмысын жоспарлау барысында «Біртұтас» бағдарламасы мен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының сабақтастығын зерделеу барысында аптаға арналған циклограммалардың «Апта дәйексөзімен» басталып, оқыту-тәрбиелеу жұмысын ұлттық құндылық сағаттарымен сабақтарымен сабақтастыру жүргізу жұмыс жолға қойылғанын көруге болады. Циклограммаға Ақтөбе облысының білім беру

ұйымдарында 2024-2025 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бағытындағы өңірлік жұмыс жоспарына сәйкес «Апта дәйек сөздері», жазылып, «Менің Қазақстаным», «Қауіпсіздік ережелері» бойынша апта сайын жұмыстарын жоспарланып, балалармен күнделікті оқу-тәрбиелеу жұмысында күнделікті жоспарлап өткізуге ұсынылған «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы», «Өнегелі 15 минут», «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну», «Күй күмбірі» бөлімдері толық жазылып, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыру, тамақтандыру, түстен кейінгі сауықтыру шаралары мен ойын әрекеттерін, яғни, балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібіндегі барлық процестердің орындалуын қамтамасыз етіліп, сабақтастық принципі сақталды.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижелері; 2024-2025 оқу жылдарындағы жүргізілген жұмыс нәтижелері бойынша ұсынылған құжаттарды зерделей отырып, бағдараманы меңгерту барысында қолданылатын әдістер мен тәсілдердің, қойылған мақсат-мақсаттардың күтілетін нәтижелер үрдісінен шығуға бағытталғанын аңғаруға болады. Мысалы: ортаңғы топтың «Физикалық қасиеттерді дамыту» саласы бойынша күтілетін нәтиже – баланың аяқтың ұшымен жүре білуі, тізені жоғары көтеріп жүруі, жүруде тепе-теңдікті сақтау, сапта бір-бірлеп, шеңбер бойымен, заттарды айнала жүгіру, тұрған орнында қос аяқпен секіру, ұзындық және биіктікке секіру болып табылады. Осы айтылған қимылдардың барлығы дене шынықтыру жетекшісінің циклограммасында нақты жалпы жетілдіруші жаттығулармен, негізгі қимылдармен үйретіліп, қимылдық ойындар барысында, оқу әрекетінің қорытындысында бекітіліп отырған. Мектепалды тобындағы «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту» саласы бойынша «Математика негіздері» бөлімінің күтетін нәтижелері – 10 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атайды, екі затты ұзындығы, ені, биіктігі жуандығы бойынша салыстырады, геометриялық фигураларды көру және сипап сезу арқылы зерттейді, тәулік бөліктерін ажыратады делінеді, сәйкесінше, күні бойғы балалардың іс-әрекетін жоспарлау циклограммасында аталған нәтижелерге жету мақсатындағы жұмыстар «Кім тапқыр!», «Тез сана», «Үлкен мен кіші» «Жеңіл мен ауыр» дамытушы ойындары арқылы және ҰІӨ жоспарлау барысында көрініс тапқан.

Осылайша, білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы негізінде жүзеге асырылатыны анықталды.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 1-қосымша 2-тарауының 16-тармақшасына, яғни, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС-ның талаптарына сәйкес.

- 3 Мектепке дейінгі ұйымдардың үлгілік қағидаларын сақтау (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы, Әділет ақпараттық жүйесінде № 29329 нөмірімен тіркелген).

Құжаттардың келесі талаптарға сәйкестігі талданады:

1) білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасына сәйкес мектепке дейінгі ұйым түріне сәйкестігі бойынша Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының 3-тармағына (бұдан әрі – Қызметтің үлгілік қағидалары) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығы, Әділет ақпараттық жүйесінде № 8390 нөмірімен тіркелген); Мектепке дейінгі ұйым номенклатурасын бекітіп ұсынған.

2) ұйым жарғысында айқындалған функциялардың Қызметтің үлгілік қағидаларының 11, 12-тармақтарына, 20-тармағының 1) тармақшасына; Мекеменің жарғысы Ақтөбе облысы әкімдігінің 09шілдедегі 2021 жылғы №к-90 бұйрығымен бекітілген.

3) бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жас топтарын жинақтау және толтыру бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 6, 7 және 8-тармақтарына;

№ 20 «Дидар» балабақшасында жалпы - 13 топ бар.

Әдістемелік ұсынымдарға 3-қосымшамен бекіткен.

«Достық» қазақ мектепалды топы – 20 бала

«Шұғыла» қазақ мектепалды тобы – 17 бала

«Күншуақ» қазақ мектепалды тобы – 22 бала

«Балдәурен» орыс мектепалды тобы – 26 бала

«Гүлдер» орыс мектепалды тобы – 23 бала

«Болашақ» қазақ ересек тобы – 20 бала

«Құлыншақ» қазақ ересек тобы – 25 бала

«Жұлдыз» қазақ ересек тобы – 21 бала

«Қарлығаш» орыс ересек тобы – 28 бала

«Балапан» қазақ ортаңғы тобы- 19 бала

«Желкен» қазақ ортаңғы тобы – 20 бала

«Түймедақ» қазақ ортаңғы тобы- 20 бала

«Ертегі» орыс ортаңғы тобы- 17 бала

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы 1 қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларында» жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша жас топтарының толықтырылуы:

- 1) ортаңғы топ (3 жастағы балалар) - 25 баладан артық емес;
- 2) ересек топ (4 жастағы балалар) – 25 баладан артық емес;
- 3) мектепалдытобы (сыныбы) (5 жастағы балалар) - 25 баладан артық емес.

Жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша жас топтары толықтырылды.

Қағида бойынша жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша жас топтары, толықтырылуы сақталды.

3) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жабдықтау көніндегі нормалар бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 9-тармағы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы, Әділет ақпараттық жүйесінде № 13272 нөмірімен тіркелген); № 20 «Дидар» балабақшасы жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылған және Әдістемелік ұсынымдарға 4-қосымшасына сәйкес жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы меңгерушімен бекітілген мәліметтерін ұсынған. Ұсынылған мектепке дейінгі ұйым тарапынан 5 дағдысын дамытуға арналған жабдықтар тізімі ұсынылған: Коммуникативтік дағдыларды дамытуға арналған оқу және ойын материалдары», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамытуға арналған оқу және ойын материалдары», «Әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға, командалық жұмыс дағдыларын дамытуға арналған оқу және ойын материалдары» және «Шығармашылық» дағдыларды, зерттеушілік әрекетті дамытуға арналған оқу және ойын материалдары» ұсынылған. Дегенмен, №70 бұйрыққа сәйкес толықтырып, жаңартып отыруды үнемі жалғастыру қажет.

4) ата-аналардың (занды өкілдерінің) мүдделерін ескере отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 10-тармағына; №20 “Дидар” балабақшасында ерекше білім беру қажеттілігі бар тәрбиеленушілер жоқ.

5) бір жастағы және 1-сыныпқа қабылданғанға дейін тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамуындағы ауытқуды түзету және әлеуметтік бейімдеу, дамыту және медициналық бақылау, сондай-ақ қарау, бағу және сауықтыру бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын, мемлекет қаржыландыратын қызмет көрсету көлемін орындау бойынша, оның ішінде тәрбиеленушілерге инклюзивті білім беруді іске асыру үшін Қызметтің үлгілік қағидаларының 12-тармағына; Балабақшада тәрбиеленушілер ерекше білімді қажет етпейді.

Кедергісіз орта құрылған

6) Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығы, Әділет ақпараттық жүйесінде № 20883 нөмірімен тіркелген) мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған тәрбиеленушілерді қабылдау бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 13-тармағына;

№ 20 «Дидар» балабақшасында балаларды қабылдау білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілері арқылы жолдамаларды есепке алудың, кезектіліктің және берудің бірыңғай базасы арқылы жүзеге асырылады. «Dara bala» және ҰБДҚ (Ұлттық білім беру деректер қоры) сайт арқылы жүзеге асады.

7) тәрбиеленушілердің орнын сақтау, сондай-ақ тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымдардан шығару бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 15 және 16-тармақтарына; білім беру қызметін ұйымдастыру кезінде кезендерді сақтау бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 14-тармағына; 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – жүргізілгені әдістемелік ұсынымның 3-қосымшасында көрсетілген. Мектепке дейінгі тәрбиеленушінің орны мен мектепке дейінгі ұйымнан шығару бойынша бекітілген әдістемелік ұсынымның 3 қосымшасында көрсетілген.

Балалар қозғалысы жүргізілген. Ата-ана өтінішімен мектепке дейінгі ұйымнан шығарған.

8) ата-анасынан немесе заңды өкілдерінен алынатын ай сайынғы төлем бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 17-тармағына;

Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушінің жасына қарамастан тамақтануға кететін шығынның 100 пайызын құрайды.

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мемлекеттік аттестаттау рәсімінен өту, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері мен басшыларын аттестаттау бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 18-тармағына;

Ағымдағы оқу жылында жалпы 30 педагог жұмыс жасайды. Біліктілік санаты бойынша педагогтердің тізімі (1-қосымша)

Оқу жылдары	Педагог тар саны	Басшы - менед жер	Педагог - зерттеу ші	Педагог- сарапшы	Педагог- модера тор	Санаты жоқ
2024-2025	30	1	5	3	16	5

Біліктілік санаттары бойынша:

Қағиданың 24 тармағында «Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптарының педагогтері өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруі, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыруы (растауы) тиіс» деп көрсетілген.

12) «Мектепке дейінгі ұйымдарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына (*Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрық, Әділет ақпараттық жүйесінде № 23469 нөмірімен тіркелген*) сәйкес балалардың жас ерекшеліктері, денсаулық жағдайы, мектепке дейінгі ұйымның жұмыс тәртібі ескеріліп, тәрбиеленушілерді теңгерімді тамақтандыру бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 20-тармағы 6) тармақшасына;

Балабақшада тәрбиеленушілерді теңгерімді тамақтандыру балалардың жас ерекшеліктері, денсаулық жағдайы бойынша бракераждық комиссия жұмыстары жүргізілген. Маусымдық азық-түліктер, ас мәзірі ұсынылды.

13) мектепке дейінгі ұйымның штатына кіретін медициналық қызметкерлер ағымдағы медициналық бақылауды, иммундау және профилактикалық тексерулерді алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсетудің аумақтық медициналық ұйымдарымен бірлесіп ұйымдастыруы бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 20-тармағы 4) тармақшасына;
емханасымен бірлескен шаралар негізінде медициналық бақылау, иммундау және профилактикалық тексерулерді алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету қарастырылған.

14) білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен (ұлттық білім беру деректер қоры) автоматты түрде ақпараттармен алмасу және мәліметтерді өзектендіру бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 20-тармағы 8) тармақшасына;

Мектепке дейінгі ұйымда ұлттық білім беру деректер қорында ақпараттармен алмасып мәліметтерді өзектендіру жұмыстары жүргізілді.

15) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарына қойылатын талаптарды сақтау бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 21-тармағына (*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығы, Әділет ақпараттық жүйесінде № 33166 нөмірімен тіркелген*);

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары негізінде 2024-2025 оқу жылына арналған штаттық кесте қалалық білім бөлімінің басшысымен келісіліп бекітілген. Бұдан, штаттық кесте және педагогтердің тарификациясы мектепке дейінгі ұйымдардың ресми сайттарында орналастырылады.

16) педагогикалық немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогті қабылдау бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 22-тармағына;

Ағымдағы оқу жылында жалпы 30 педагог жұмыс жасайды. (2 қосымша)

Оқу жылдары	Барлық педагогтар	Мектепке дейінгі жоғарғы білімді	Мектепке дейінгі арнаулы Орта білімді	Жоғары білімді
2024-2025	30	14	10	6

Бағалау кезеңі бойынша

Нәтижесінде қызмет ететін педагогтің атқарып жүрген қызметіне диплом бойынша мамандығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 2 тарауының 22 тармағы «Педагог қызметімен айналысуға педагогикалық немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын тұлға жіберіледі» талабына сәйкес келеді.

17) жыл сайынғы медициналық тексеруден өту бойынша («Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және «Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулерден өткізу» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 15 қазандағы № 1 ДСМ-131/2020 бұйрығы, Әділет ақпараттық жүйесінде № 21443 нөмірімен тіркелген) Қызметтің үлгілік қағидаларының 25-тармағына;

«Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптардың педагогтері "Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын ала медициналық қарап-тексерулер және мерзімдік міндетті медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және "Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулер өткізу" мемлекеттік қызмет көрсету

қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №21443 болып тіркелген) сәйкес жыл сайын медициналық *зерттеп-қараудан өтеді*» талабы орындалады.

18) мектепке дейінгі ұйымдар жұмыс күндері осы мектепке дейінгі ұйыммен қамтылған және қамтылмаған тәрбиеленушілер үшін білім беру, сауықтыру сипатындағы қосымша ақылы қызметтер көрсетеді. «Ақтөбе қаласы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің №400, 29.08.2024 ж бұйрығымен бекітілген «Хореография» жалғастырылды, «Услуга логопеда», «Робототехника», «Шығармашылық шеберханасы» және «Сөйлеуді дамыту» қосымша бағдарламалар жаңадан құрылды Ақылы қызметтер көрсетуден түскен қаражат мамандарға жалақы төлеуге, құралдар сатып алуға, «Білім туралы» Заңның 63-бабына сәйкес тиісті дамытушы орта құруға, бағытталуы бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 26-тармағына;

19) ата-аналардың қажеттілігін ескере отырып, отбасы мен тәрбиеленушіні әлеуметтік-педагогикалық қолдау мақсатында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналары үшін мектепке дейінгі ұйымдардың жанынан кеңестік пункттер құру бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 27-тармағына;

МКҚК №20 “Дидар” балабақшасында №72 бұйрық 2024 жылдың 07 қараша айынан бастап мектепке дейінгі тәрбие мен оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналары үшін мектепке дейінгі ұйымдардың жанынан кеңес беру орталығы қызмет етеді. Балабақша әдіскері Ж.Х.Жанзакова бекітіліп, ата-аналарды (заңды өкілдері) қабылдау кестесі жасақталды.

20) аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан 1-2 жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін мектепке дейінгі ұйымдардың жанынан қысқа мерзімді топтар құру бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 28-тармағына;
Қысқа мерзімді топтар қарастырылмады.

21) дара басшылық және алқалық басқару қағидаларын (педагогикалық, әдістемелік, қамқоршылық кеңестердің қызмет етуі) сақтау бойынша Қызметтің үлгілік қағидаларының 29-тармағына;
МКҚК №20 “Дидар” балабақшада педагогикалық, әдістемелік, қамқоршылық кеңестердің хаттамалары, жұмыстары сайтта жүктелді.

22) мектепке дейінгі ұйым мен заңды өкілдер арасындағы өзара қарым-қатынас бойынша (балаларды мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде жасалатын шарт) Қызметтің үлгілік қағидаларының 31-тармағына сәйкестігіне талдау жүргізіледі.
№ 20 «Дидар» балабақшасы балаларды қабылдаған кезде ата-аналармен жасалған келсім-шарттар жүргізіледі.

4) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы

Біліктер мен дағдылардың қалыптасу деңгейін қадағалау үшін мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің оқу жылына арналған барлық жеке даму карталарына талдау және зерделеу жүргізіледі.

Талдау қорытындылары: Осы өлшемшарт бойынша зерделеу 2024-2025 оқу жылдарын көрсетті. (3-қосымша)

Осылайша, мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің 2024-2025 оқу жылдарында 100% жеке даму карталары әзірленді. Тәрбиеленушілердің даму мониторингі баланың дамуының жеке карталары негізінде жүзеге асырылды. Тәрбиеленушілердің даму мониторингін әзірлеу және жүргізу кезінде баланың дамуының жеке карталары алынбайды негізге алынады. 2024-2025 оқу жылында мектепалды, ересек, ортаңғы топтарының тәрбиеленушілерінің даму жоспарларының (карталарының) жұмыстары жүргізілді, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес тәрбиеленушілерінің жеке даму жоспарларының (карталарының) көшірмелеріне «Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» дағдылары бойынша мониторинг сәйкес келеді.

Осылайша, жеке даму карталары негізінде баланың дамуына 2024-2025 оқу жылына бастапқы, аралық, қорытынды мониторинг жүргізілді.

**МКҚК №20 «Дидар» балабақшасының 2024-2025 оқу жылындағы
Біліктілік санаты бойынша педагогтердің тізімі (1-қосымша)**

№	Аты-жөні	Біліктілігі	Алған уақыты	Жарамдылық мерзімі
1	Туребаева Динара Талғатовна	Басшы менеджер	31.08.2023	31.08.2026
2	Жанзакова Жанат Хазизовна	Педагог - модератор	27.08.2024	27.08.2029
3	Атағалиева Нургайша Жумабергеневна	Педагог – модератор	31.12.2021	31.12.2026
4	Зеленцова Наталья Анатольевна	Педагог - зерттеуші	15.08.2022	14.08.2027
5	Мирзағалиева Гульжан Адильовна	Педагог - сарапшы	24.12.2021	24.12.2026
6	Нарбаева Гулмира Жоламановна	Педагог – модератор	26.07.2022	26.07.2027
7	Серғалиева Кристина Петровна	Педагог-модератор	30.12.2020	30.12.2025
8	Жубантаева Жұлдыз Қадырбергеневна	Педагог - модератор	22.12.2020	22.12.2025
9	Крыжановская Елена Анатольевна	Педагог - зерттеуші	26.08.2022	26.08.2027
10	Шарапова Нургул Алибековна	-	-	-
11	Жумашова Майра Халешовна	Педагог модератор	31.08.2023	31.08.2028
12	Мукатова Жаннелсин Беспиевна	Педагог модератор	27.08.2024	27.08.2029
13	Бисенғалиева Жания Нурлыбаевна	Педагог модератор	27.08.2024	27.08.2029
14	Кужанова Куляш Крымовна	Педагог модератор	27.08.2024	27.08.2029
15	Кабулова Назым Уразгуловна	Педагог - сарапшы	03.07.2021	03.07.2026
16	Бурибаева Асыл Салжановна	Педагог - зерттеуші	24.12.2021	24.12.2026
17	Плютенко Ирина Михайловна	Педагог - зерттеуші	24.12.2021	24.12.2026
18	Себендова Ақыл Сериковна	Педагог-модератор	31.12.2021	31.12.2026
19	Игисинаова Бақытгүл Каировна	Педагог-сарапшы	24.12.2021	24.12.2026
20	Қожахметов Тахауи Қайратұлы	-		
21	Қуандықова Галия Ықыласовна	Педагог модератор	27.08.2024	27.08.2029
22	Нұрлан Ұлболсын Маратқызы	Педагог модератор	27.08.2024	27.08.2029
23	Нурмухамбетова Зульфия Сағинаевна	-	-	-
24	Ермагамбетова Шарбану Мыңжасаровна	Педагог зерттеуші	24.12.2021	24.12.2026
25	Бахбергендова Зина Муздараповна	Педагог-модератор	24.12.2021	24.12.2026
26	Умарова Сабина Есенболовна	Педагог-модератор	13.07.2021	13.07.2026
27	Курманғалиева Айжан Рустемовна	Педагог-модератор	20.12.2021	20.12.2026
28	Аққалиева Алтынай Амантайқызы	-	-	-
29	Бақытжан Ақтоты Аршлбайқызы	-	-	-
30	Судикова Асылзат Оразғалиқызы	-	-	-

Барлық педагогтер -30

* басшы-менеджер-1

*Зерттеуші - 5

*Сарапшы – 3

*Модератор –15

*Санатсыз педагог – 6

№20 «Дидар» балабақшасының педагогтерінің сапалық құрамы (2 қосымша)

№	Педагогтердің аты-жөні	Жоғары білімі	Жоғ. мек. тенке дейінгі	Арнаулы орта	Арнау. орта мектепке дейін
1	Туребаева Динара Талғатовна	+	+		
2	Жанзакова Жанат Хазизовна	+	+		
3	Атағалиева Нургайша Жумабергеновна	+			
4	Зеленцова Наталья Анатольевна	+	+		
5	Мирзагалиева Гульжан Адилевна	+	+		
6	Нарбаева Гулмира Жоламановна	+	+		
7	Сергалиева Кристина Петровна	+	+		
8	Жубантаева Жұлдыз Кадырбергеновна	+	+		
9	Крыжановская Елена Анатольевна	+	+		
10	Шарапова НургулАлибековна			+	+
11	Жумашова Майра Халешовна			+	+
12	Мукатова Жаннелсин Беспиевна	+	+		
13	Бисенгалиева Жания Нурлыбаевна			+	+
14	Кужанова Куляш Крымовна			+	+
15	Кабулова Назым Уразгуловна	+	+		
16	Қожахметов Тахаун Қайратұлы	+			
17	Плютенко Ирина Михайловна	+			
18	Себенцова Ақыл Сериковна	+			
19	Игненинова Бақытгүл Каировна	+	+		
20	Қурмангалиева Айжан Рустемовна	+			
21	Қуандыкова Галия Ықыласовна	+	+		
22	Нурмухамбетова Зульфия Сағинаевна			+	+
23	Ермагамбетова Шарбану Мынжасаровна			+	+
24	Бахбергенова Зина Муздараповна			+	+
25	Умарова Сабина Есенболовна			+	+
26	Бурибаева Асыл Салжановна	+			
27	Нұрлан Ұлболсын Маратқызы			+	+
28	Бақытжан Ақтоты Аралбайқызы	+	+		
29	Аққалиева Алтынай Амантайқызы	+	+		
30	Суликова Асыдзат Оразғалиқызы			+	+

Мектепке дейінгі ұйым бойынша әліскерінің жинағы
 Әліскерінің аты-жөні Жанзакова Жанат Хализоана

МҚҰ атауы МККК №20 "Дидар" балабақшасы
 Мекен-жайы Ағ.Жұбановтар 279
 Оқыту тілі Қазақша,орысша

Жас ерекшелік топтары	Балалар саны	дамыту			дағдыларды дамыту			дағдыларды дамыту			дағдыларын, зерттеу іс-		
		олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей
Ерте жас тобы													
Кіші топ													
Ортаңғы	76	69	7	0	74	2	0	73	3	0	74	2	0
Ересек то	94	92	2	0	91	3	0	87	7	0	91	3	0
Мектепал	108	107	1	0	107	1	0	107	1	0	108	0	0
Барлығы	278	268	10	0	272	6	0	267	11	0	273	5	0
%	100	96	4	0	98	2	0	96	4	0	98	2	0



Балабақша меңгерушісі Түрбаева Д.Т

Қосымша 3

дағдыларды қалыптастыру				БАРЛЫҒЫ			
олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	% #DIV/0!	олардың ішінде орташа деңгей	% #DIV/0!	олардың ішінде төмен деңгей
			0	#DIV/0!	0	#DIV/0!	0
			0	#DIV/0!	0	#DIV/0!	0
64	12	0	71	93	5	7	0
90	4	0	90	96	4	4	0
108	0	0	107	99	1	1	0
262	16	0	268	97	10	3	0
94	6	0					